

лесное, а также при каждом областном правлении были открыты типографии и статистические комитеты.

Главная роль в областных правлениях была всегда отведена хозяйственному отделению, на которые были возложены следующие важные функции: поземельное «устройство» оседлого и кочевого населения, заведование делами о вакуфах. Так же дела по водопользованию и податному обложению коренного населения, составление смет денежных земских повинностей и заведование земскими расходами, наблюдение за взиманием таможенных пошлин, оформление и выдача лицензий на разработку сырьевых ресурсов края, оформление торговых сделок и подрядов. Хорошо просматриваемая тенденция к всеобъемлющей регламентации и бесцеремонному вмешательству колониальной власти во все сферы жизни коренного населения, становится еще яснее и четче при рассмотрении структуры и функций низовых органов управления. Прежде всего, это касается уездной администрации во главе с уездными начальниками. Последние, как правило, совмещали несколько должностей: городской главы, земского начальника, председателя поземельно-податного присутствия, полицмейстера, командующего войсками, расквартированные в уезде [5, с.12].

Колониальная система, действовавшая в Центральной Азии на протяжении второй половине XIX – начала XX столетия, лишила его народа не только собственной системы управления, но также отрезав возможные пути их самостоятельного участия в общецивилизационных процессах развития, нанеся серьезный ущерб социокультурным параметрам общества.

Список литературы

1. Кауфманский сборник. Москва, 1910. С. 8.
2. Проект положения об управлении в Семиреченской и Сырдарьинской областях. СПб., 1867. С. 109-126.
3. Проект всеподданнейшего отчета генерал-адъютанта К.П.Кауфмана по гражданскому управлению и устройству в областях Туркестанского генерал-губернаторства. 7 ноября 1867 – март 1881 г. СПб., 1885. С. 163.
4. ЦГА Респ. Уз. Ф. И.-19, оп. 34, д. 555, л. 12.
5. ЦГА Респ. Уз. Ф. И.-1, оп. 34, д. 78, л. 21.

ТҮРКІСТАН – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ.

Қонысхан Аяжан, «Тарих» мамандығы 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: т.ғ.д., профессор **А. Күзембайұлы**

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Бүгінгі таңда қазақ ұлтының жаңаруы мен мемлекеттік тәуелсіздігінің қалыптасу процесі жүріп, Қазақстан Республикасының дүниежүзілік тарихи дамудағы орны анықталып жатқан кезде, қоғам өміріндегі күрделі құбылыстармен тығыз байланыста қаралатын өткен тарихи шындықтарды қалпына келтірудің проблемалық маңызы артып отыр.

Орта Азия мен Қазақстан аумағында тарих түкпірінде пайда болып, түрлі шапқыншылық кезеңдерде басқа елді-мекендер сияқты өшіп кетпей, қазіргі уақытқа дейін өмір сүріп келе жатқан саусақпен санарлық қалалардың бірі - Түркістан.

Отандық тарихтың мазмұнын байытып, осы кезге дейін қалыптасқан тарихи таным жүйесін қайта қарауда дәстүрлі тоталитарлық жүйенің әдістемелік негіздерінен бас тарта отырып, оны алмастыратын тың негіздер батыл тұрғыда іздестіріліп, зерттеу барысында қолданысқа енгізіліп келеді. Қоғам дамуының заңдылықтарын айқындап, тарихи үдерістерге баға беруде элита теориясы ұтымды тәсіл ретінде шетелдік қоғамдық ғылымдарда сәтті қолданыс табуда. Таптық қағидаларға балама позиция ұстанатын бұл концепция әзірге

отандық тарих ғылымында іргелі зерттеу жұмыстарына негіз бола қойған жоқ.

Отан тарихының ең күрделі де түйінді нысаны болған Түркістан тарихы, әсіресе оның ұлттық-мемлекеттік мәжелеуге дейінгі кезеңі белгілі деңгейде зерттелгенімен бұл тақырып концептуалды тұрғыда терең қарастыруды қажет етеді. Өйткені ғылыми зерттеу бағыттары алдыңғы қатарға шығарып отырған күрделі тарихи үдерістердің себеп-салдарлы байланыстарын, ортақ заңдылықтары мен ерекшеліктерін айқындау ғылыми зерттеу жұмыстарында тың әдістемелік тәсілдерді қолданып, жаңа бағыттарды игеруді қажет етеді.

- патшалы Ресейдің Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азияны отарлауы нәтижесінде құрылған әкімшілік-мемлекеттік бірлік ретінде Түркістан генерал-губернаторлығы мен кеңестік негіздегі Түркістан автономиялы республикасының тарихы отандық тарихтың ажырамас құрамды бөлігі ретінде үнемі назар аударуды қажет етеді. Тарихи жағдайлармен Түркістанға қосылған қазақ елі мен жерінің ұлттық мемлекеттілігімізді қалыптастырудағы маңызы өте зор. Жарты ғасыр әкімшілік-территориялық оқшаулық жағдайында бұл өлкеде патшалық, кеңестік биліктер отарлық тәртіпке тән озбырлықпен еркін ой-сананы бұғаулап, ұлттық рухани болмысты деформациялау саясатын жүргізді. Бұл саясат, әсіресе, өлкеде мемлекеттік билік құрылымдарының қалыптасуы мен ұлттық элита жүйесінің орнығуындағы кереғарлықтардан айқын байқалды.

XX ғасыр басындағы дүниежүзілік ұлт-азаттық қозғалыстың Ресей отарындағы аймақтық көріністері түрінде пайда болып, даму барысында дербес саяси құбылыстарға айналған Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы мен Алаш қозғалыстары да қазіргі кезде тарихи ойдың қызығушылығын оятып отыр. Қазақстан мен Орта Азия республикалары тәуелсіздігінің бастауында тұрған бұл қозғалыстарды бірін-бірі толықтыратын біртұтас ортақ құндылықтарымен және бірін-бірі қайталамайтын ерекшеліктерімен дара құбылыстар ретінде қарастыру қажеттілігі айқын сезіліп отыр. Бұл мәселеге элита теориясы тұрғысынан назар аударылар болса онда тарихи танымның игілігіне айналатын соны нәтижелерге қол жеткен болар еді. Өйткені, бұл қозғалыстардың идеялық сабақтастығы мен бағдарламалық мақсаттарының сәйкестігі үйлестіруші факторларының ортақтығымен бірге олардың басқарушы элита өкілдерінің де саяси көзқарасы мен рухани-мәдени ұстанымдарының ортақтығынан туындап жатты. Бұндай саяси, мәдени-рухани ортақ ұстанымдардың негізділігі қазіргі бауырлас мемлекеттер арасындағы интеграциялық ықпалдастықты одан әрі өрбітуге жаңа тыныс береді.

Қазіргі заманғы тарихи таным тәсілдерінің бірі ретінде элита теориясы концепциясын қолдану мүмкіндігінен туындайды. Еліміздің тарихи Ресей мен Кеңес Одағы құрамындағы даму факторларының жүйесінде саяси басқару факторы маңызды орын алып келді. Бұл жағдай мемлекеттік басқарудың субъектісі болған саяси элитаның рөлін арттыра түседі. Түркістан өлкесінде іске асырылған кез-келген модернизация осындай себептермен «жоғарыдан төменге» қарай бағытталғаны белгілі. Тоталитарлық билік қоғамдық дамудың эволюциялық ырғағына қарсы жүргізген саясаты терең әлеуметтік, саяси күйзелістерге ұрындырғандықтан да осының бәріне тікелей жауапты билік басындағы басқарушы элитаның қоғамдық құбылысқа айналған болмысын тану қажет-ақ. Осы міндетті шешуде жаңа әдістемелік тәсілдің маңызы арта түседі деп есептейміз.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар мен бұрынғы кезеңдегі элита айналымы үлгісінің түбірінен өзгергеніне қарамастан саяси элита бұрынғысынша еліміздегі саяси үдерістің маңызды факторы болып отыр. Соңғы кездегі саяси, әлеуметтік талдаулар көрсетіп отырғандай елімізде қалыптасқан мемлекеттік билік құрылымдарында саяси элита өзінің ролін нығайтып келеді. Бұл үдерістің алдағы уақытта да жалғаса түсетін тенденциясы байқалуда. Дәстүрлі қоғамдағы әлеуметтік институттардың билік құрылымдарын қалыптастыруда ұстанған құндылық бағдарлары қазіргі кезде де маңызын жойған жоқ. Демек қоғамдық өмірде саяси элита ықпалының артуы Қазақстанда элита қалыптастырушы үдерістердің генезисін тарихи деректік материалдар негізінде концептуалдық тұрғыда зерттеудің маңыздылығы тақырыптың барынша өзекті екендігі танытады.

Бұл себептерге қосымша айтармыз, XX ғасырдың алғашқы ширегінде Түркістанның

қоғамдық-саяси тарихын ғылыми ойдың тезінен өткізіп, тәуелсіздік идеологиясы талаптарына сай қайта қарау отандық тарихнамадағы олқылықтардың орнын толтырады деп есептейміз.

Қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік құбылыстар элита теориясы тұрғысында осы кезге дейін жеке тақырып ретінде зерттелген жоқ. Ал Қазақстан тарихында жан-жақты ғылыми негізделген әдістемелік тәсіл ретінде бұл аталған үлгінің қолданылмағандығы белгілі. XX ғасырдың басындағы Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының тарихнамасы аса қомақты, соның ішінде ұлттық элитаның қалыптасуы мен қызметіне қатысты зерттеулер сипаты, мазмұны жағынан өте күрделі болды. Тақырып тарихнамасының күрделі сипат алуының бірнеше себебі бар.

Біріншіден, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы өзінің бағдарламалық мақсаттары, қызмет аясы, әлеуметтік-саяси негізі, тіпті ұйымдық құрылымы бойынша әлемде теңдесі жоқ қайталанбас ерекшеліктері мол тарихи құбылыс болатын. Сондықтан ол құбылыс аймақтық оқшаулауға көнбейтін, әлемдік ұлт-азаттық қозғалыспен саяси-идеялық тұрғыда сабақтасып жатты. Міне, осы күрделі сипат жүргізілген зерттеу жұмыстарының барынша әралуандығына негіз болды.

Тақырыптың зерттелуіне күрделі сипат берген екінші себеп – қоғамдық-саяси көзқарастар жүйесінің өзгермелілігінен туындайды. Кеңестік қоғам тарихнамасы біртұтас жүйе ретінде қарастырылғанымен оның өзі қоғамдық-саяси құндылық бағдарламаларының өзгеруіне байланысты тұтас кезеңдерге жіктелсе, сол кезеңдер концептуалдық тұрғыда жекелеген ағымдарға таралып кетеді. Демек, әр кезеңнің, әр ағымның тақырыпқа қатысты зерттеулерінің деректік, әдістемелік негізі әртүрлі болғандықтан олардың арасында бір-біріне қарама-қарсы бағалар да кездеседі. Бұндай жағдайда мәселені кешенді түрде қарастырып, тарихи тұрғыда салыстыра бағалау қажеттігі туады.

Қазіргі Түркістан қаласының байырғы тарихын зерттеу тарих ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Әуелі Иасы, кейін Түркістан атанған қаланың тарихы тереңде жатыр. Ертедегі Иасының орны –Күлтөбе, қазіргі Түркістан айналасындағы басқа да көне және ортағасырлық мекен құландылары: Сидак ата, Шойтөбе, Қарашық I, II, Төрткүлтөбе I, II атты ескерткіштер археологиялық тұрғыдан зерттелу үстінде. Осымен қатар Иасы –Түркістанның XV-XVIII ғасырлардағы тарихын зерттеу өте қажет. Себебі бұл кезеңде қала айтулы өзгерістерге тап болған. Қазақ хандығы тұсында Иасы бір аудан орталығы дәрежесінен Түркістан атты тарихи аймақтың астанасына, ал кейін Қазақ хандығының бас қаласына айналды. Қаланың осы кездегі тарихын зерттеу арқылы ортағасырдағы төл мемлекетіміздің тыныс-тіршілігінің қыр-сырларын тануға болады.

Мұнда ел тағдырын шешкен маслихаттар өткен, хан сайлаған құрылтайлар болған. Әйгілі Абылайдың бүкіл қазақ ханы болып сайлануы, Шәді төре айтқандай, осы қалада өткен: қазақтың Есім, Жәңгір, Тәуке, Абылай, басқа белгілі хандары, батырлары, билері Ахмет Иасауи кесенесінде және оның айналасындағы мазаратта жатыр. Түркістан қаласының Қазақ хандығының негізгі саяси, діни, сауда орталығы болды. Яғни Түркістанның XV-XVIII ғасырлардағы тарихын зерттеп-танымай Қазақ хандығының, Қазақстанның тарихын білеміз деп айтуға болмайды.

Түркістан оазисіндегі археологиялық ескерткіштердің зерттеле бастағанына 130 жылдан астам уақыт болды. Осы уақыт аралығында ондаған археологиялық ескерткіштер табылып, есепке алынды. Есепке алынған археологиялық ескерткіштер әртүрлі археологиялық дәуірлерді қамтыды, олардың ішінде тас, қола, темір дәуірлеріне, ортағасырларға жататын ескерткіштер бар. Осы өңірдегі Шоқтас, Қошқорған ескерткіштерінің аты дүние жүзіне белгілі болса ал Сауран, Түркістан, Күлтөбе, Шойтөбе, Төрткүл 1, 2 қалалары жазба деректерде ортағасырдан бастап кездеседі. Шойтөбе, Түркістан, Күлтөбе қалаларында жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстары барысында осы оазистегі қала мәдениетінің қалыптасуы, дамуы және оның әртүрлі кезеңдеріне қатысты өте құнды деректер алынуда.

Үш ғасырға жуық уақыт бойы патшалық Ресейдің отарлық езгісі мен қызыл

империяның қол астында болған қазақтардың қаншама қайғы қасірет көріп, ауыр азап шеккені және мәдениетімен қоса дербес ұлт ретінде жойылып кете жаздағаны зиялы қауымға мәлім. Қазір отаршылдықтың қамытын сыпырып тастап, еркін өркениетті даму жолына түскен шағымызда тарихымыздың өткеніне тағы бір көз жүгіртіп, халқымыздың басынан кешкен небір ауыртпалықтар мен қиыншылықтарды зерттеп білмейінше, өзіміздің бүкіл ұлттық рухани байлығымызды қайта жандандырып, одан әрі дамыта алмаймыз.

Академик Қозыбаевтың сөзімен айтар болсақ: «Егер біз ертеңімізді ойласақ, орыс империясы елімізді қалай жаулап алды, орыстандырды, шоқындырды, әскери отарлады деген сияқты өзекті проблемаларды зерттеуіміз абзал». Міне, сондықтан да, патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген отаршылдық саясатын объективті түрде, ғылыми тұрғыдан зерттеу кезек күттірмес маңызды мәселелердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда менің тақырыбымның бүгінгі таңда өзекті болып отырғанын көреміз.

Орта Азия Ресейге қосылу барысында бұрын хандық билік негізінде өмір сүріп келген халықтың отаршыл саясатына бірден үйреніп демып кетті-деу қисынсыз. Себебі, қоғамның экономикалық өмірінде әсіресе еңбекші дикан және көшпелі мал өсіруші халықтарға ең басты жер керек еді. Ал жер мен малынан айырылған халықтың өркендеп дамуы прогресті болмағаны өзінен-өзі белгілі.

Күні бүгінге дейін Орта Азия мен Қазақ жерінің Ресейге қосылуының дамуына жол ашты деп келді. «Қазақстанның Ресейге қосылуы қазақ халқының тарихи тағдырын өзгертті, дамуына прогресті әсер етті», - деп, бұл мәселе бүкіл оқулық беттерінде орнықты.

XIX ғасырдың ортасына дейін Орта Азия жерінің географиялық жағдайы ғана зерттелген еді. Қазақстан мен Орта Азия Ресейге түпкілікті күшпен қаратылып қосылғаннан кейін қазақтардың және аймақтағы басқа көптеген халықтардың салт-дәстүрі, шаруашылығы кеңінен алынып отаршыл мүддесіне алымдық жерлері мен шұрайлы суы мол орманды кеңістік жерлердің экономикалық жағынан тиімділігі зерттеліп, оны қоныстану басқармасы қорына беру, оны нақты іске асыру, жаппай жерді қазақтар пайдалануынан күшпен алумен жалғасты.

Түркістан тарихын соңғы жылдары отандық зерттеушілер түрлі аспектілерде қарастыруда. Тақырыпқа қатысты да бірқатар диссертациялық зерттеулер жүргізіліп, монографиялық еңбектер жарық көрді. Тақырып тарихнамасындағы ұлтшылдық рухымен ерекшеленген М. Шоқай, З.В. Тоған, Б. Хайт, Х. Оралтай еңбектері Түркістан ұлттық элитасының қалыптасуы мен қызметі туралы ой-тұжырымдары таным аясын кеңейте түседі.

1970 жылдары А.К. Қанапин, А.Д. Яндаров, Р.Б. Сүлейменов, Х.И. Бисеновтердің еңбектері жарық көрді [1]. Р.Б. Сүлейменов қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда 22 қазақ, ал Орта Азияда бірде-бір жоғары білімді жергілікті ұлт өкілі болмаған деген кеңестік тарихнамадағы таптаурын тұжырымға күмән келтіреді. Ал В.М. Устиновтың еңбегі [1] Түркістан интеллигенциясын арнайы тақырып етіп қарастыруымен ерекшеленеді. Тәуелсіздік ұлттық интеллигенция тақырыбын жаңа мазмұнда игеруге кең мүмкіндікке жол ашты [3].

Түркістанда жаңартушы рөл атқарған экономикалық тетіктің саяси-әлеуметтік сипатын айқындауға баса мән берген М.Х. Асылбековтың іргелі еңбектерінде теміржол саласында ұлттық кадрлардың пайда болуы мен қалыптасуы жан-жақты зерттеліп, Т. Рысқұлов пен М. Тынышпаевтың Қазақстан экономикасын индустрияландырудағы қызметі жаңа қырынан танылады [4].

В.З. Галиев зерттеулерінде қазақ интеллигенциясының өкілдері жайлы құнды мағлұматтар жинақталған. Тәуелсіздік жағдайында тақырыпты жаңа әдістемелік негізде қарастыру бағыты М. Қозыбаевтың, Ж. Абылхожиннің, Т. Омарбековтың іргелі зерттеулерінде одан әрі өріс алды. Мәселе Ә.М. Ауанасова, Д. Махат, З. Дүкенбаева зерттеу еңбектерінде жаңа көзқараспен қарастырылып, тың мазмұн алды [5].

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч., т.1. М., 1963. С.

374-39.

2. Қозыбаев М.К. История и современность. Алматы: 1991;

3. Елеуов М. Ескерусіз қалған ескерткіштер. Түркстан, 2005, 69-78 бб.

4. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар в XIII-XV веках. Алматы, 1987.

5. Қожа М. Иасы-Түркістан тарихы. Алматы. 2000, 4-7 бб

ҚОСТАНАЙ Өңірінен шыққан Барақ батырдың кесенесі

Қайырғали Нұрымжан, «Тарих» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекші: тарих магистрі, **Тастекова Гульдана Батталовна**
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында халықтың санасына жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру бағытында «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» жобасын іске асыруға ерекше көңіл бөлді. Өйткені, Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – сан мың ғасыр өтсе де, кез-келген рухани жұтандықтан аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы», – деді. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Осы күні Қостанай облысы аумағында орасан зор маңызға ие 20-ға жуық тарихи-мәдени нысан бар. Солардың бірі – Сарыкөл ауданы, Сорочин ауылдық округінің Крыловка ауылынан 16 шақырым жерде орналасқан жұртшылық киелі, қасиетті жер санайтын орын бар ол Барақ батыр кесенесі [1, 3б.].

Тарихтан тағылым алып, тұлғаға тағзым ету мақсатында Сарыкөл ауданына сапарлап барғанда, көргеніміз көп, көкейге түйгеніміз де аз болмады. Басты мақсатымыз – Барақ батыр кесенесімен танысу еді.

Барақ Жанұзақұлы (Қабалуанұлы) шамамен XVII-XVIII ғасырларда, яғни 1696 жылы, кейбір деректерде 1722 жылы, қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Алдияр ауылында туған. Өлген жылы белгісіз. Әкесі Жанұзақ Қарабалуан есімімен мәшһүр болған түйе балуан. Қарабалуан мен Жәнібектің үшінші аталары Сарыжетім мен Шақшақ бір туған. Қарабалуан мен Дәуітбай егіз қозыдай болған. Қарабалуан 18 жасында батыр атанған [2, 238 б.].

Барақ батыр ерекше қабілетті, әскербасы, Абылай ханның серіктесі болған. Ол атақты қолбасшы Қарабалуан Алдиярұлының үшінші ұлы болған. Оған Төле бидің туған немере қарындасы болып келетін, анасы Жасқаннан емшілік қабілеті қонған [3, 6 б.].

Әкесі яғни Барақ батырдың атасы Алдиярдың ата – мекені Обаған өңірі болған. Үш баласы болған: Қожамжар, Қарабалуан, Өмірзақ. Алдияр атамыздың құлақтан жоғарырақ бір кішкене жерде шаш өспейтін болған. Осыны ағасы Мадияр меңзеп оны таз деп атады. Содан бері ұрпақтары таз атанып кеткен. Алдияр-таздардың мекені Қостанай облысы Обаған өзенінің бойында және Торғайда Сарыадыр тауын, Мойылды атты өзенінің бойында тұрады. Жақында Таздардың шежіре кітабы шықты, өзіндік Алдияр атты қоғамдық бірлестігі бар. Тарихта мәңгі орын алған белгілі тарихи тұлғаларымыз баршылық. Олар Шоқай би, Барақ батыр, Ақмалай би, Алтай батыр, Беген Жазыұлы, Жазы би Жаңұлы, Қарабалуан батыр және т.б. [4, 33б.].

Қарабалуан 1688 жылы дүниеге келген. 18 жасқа толғанда қалыңдығын іздеп шығады. Ол елге барса жау шауып, ел жігіттері қашып барады екен, соларды тоқтатып, өзі қол бастап, қалмақтың батырын өлтіріп, жауды жеңеді. Жауды жеңген хас батырға ауылдың көрікті қызы қымыз ұсынады. Риза болған жігіт қандай бұйымтайың бар, деп айтады. Сонда ақылды қалыңдығы «үстіме әйел алма, денеме қамшы салма» депті. Бұл Төле бидің жиені – Жасқана еді. Содан батыр сертін өмір бойы бұзбапты. Қостанай, Торғай өңірінде батырдың 800 аса отбасылық ұрпағы тұрады [5, 243 б.].